

Келісіді *Н. Мамбетова*
«Кәусәр» жеке бөбекжайы
әдіскері: Н.Б.Мәмбетова



**2023–2024 оқу жылында «Кәусәр» жеке бөбекжайы
«Гүлдер» ересек тобының музыка іс-әрекетінің перспективалық жоспары**

Музыка жетекшісі: Қадырова Н.Қ.

Түсінік хат

2023–2024 оқу жылында «Кәусәр» жеке бөбекжайында «Гүлдер» ересек топ балаларының музыкадан мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективалық жоспарын құрастыруда төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарды басшылыққа алды:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 1,2,3 - қосымшасы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (2022 жыл 14 қазан №422 бұйрық өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;
- «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды топтарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты («Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми – әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды 2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттамасы)

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 1 жыл.

Күтілетін нәтижелері перспективалық жоспарда әр айда көрсетілген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Мектепке дейінгі ұйым: «Кәусәр» жеке бөбекжайы

Топ: «Гүлдер» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан, қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	музыка	Музыка тыңдау: Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Ән айту: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру. Билер: Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау. Музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Күтілетін нәтиже: Музыка тыңдау мәдениетін сақтайды (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдайды.)
Қазан	музыка	Музыка тыңдау: Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Ән айту: Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; Билер: музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Музыкалық аспаптарында ойнау: Ағаш қасықтармен қарапайым әуендерді ойнау. Күтілетін нәтиже: Таныс шығармаларды таниды, олардың мазмұны туралы айтады; тыңдалған музыкадан алған әсерлерімен бөліседі;
Қараша	музыка	Музыка тыңдау: Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан

		алған әсерлері туралы әңгімелеу. Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру. Билер: Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Музыкалық аспаптарында ойнау: Сылдырмақтармен қарапайым әуендерді ойнау. Күтілетін нәтиже: қазақтың ұлттық аспабы домбыраны біледі, оның даусын таниды; әнді мәнерлеп, созып, қимылдармен үйлестіріп (ре-си бірінші октавашегінде) айтады;
Желтоқсан	музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам) Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру. Билер: Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойы мен ең айтып жүру, қимылдарды өзгерту. Музыкалық аспаптарында ойнау: Асатаяқ, домбыра аспаптарымен қарапайым әуендерді ойнау. Күтілетін нәтиже: Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды біледі; әнді созып, сөздерін анық айтады, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды;
Қаңтар	музыка	Музыка тыңдау: Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен) Ән айту: Әннің сөздерін анық айтуды, ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлесту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау Билер: шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу Музыкалық аспаптарында ойнау: сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. Күтілетін нәтиже: әнді топпен бірге бастап, бірге аяқтайды; марш сипатын ырғақты жүрумен береді, музыканың қимылдық сипатын жеңіл, ырғақты жүгірумен береді;
Ақпан	музыка	Музыка тыңдау: әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, Ән айту: Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, Билер: Атрибуттармен би қимылдарын орындау. Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету. Музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Күтілетін нәтиже: музыканың ырғағымен жүреді, қимылдарды музыкамен сәйкестендіреді, музыканың

		екінші бөлігінде қимылдарды өзгертеді;
Наурыз	музыка	Музыка тыңдау: Қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Ән айту: Хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айтуға дағдыландыру, музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынменсекіру. Билер: би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау Музыкалық аспаптарында ойнау: Әртүрлі музыкалық аспаптарды қолдану. Күтілетін нәтиже: музыканың ырғағын нақты береді, қос аяқпен еркін және жеңіл секіреді; музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды;
Сәуір	музыка	Музыка тыңдау: Тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу. Ән айту: Дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айтуарқылы дағдыны жетілдіру, дауыстап және төмен дауыспен ән салу, қол қозғалысымен көрсету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың қимылдық сипатына қарай ырғақтық қимылдар жасауға үйрету. Билер: Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу. Музыкалық аспаптарында ойнау: Қарапайым музыкалық әуендерді музыкалық аспаптармен сүйемелдеу. Күтілетін нәтиже: қимылдарды орындауда шапшаңдық пен ептілік танытады; музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындайды; ұлттық би өнеріне қызығушылық танытады, би қимылдарын орындайды;
Мамыр	музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдау, алған әсерлерін айту. Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуімен әннің сөздерді анық айтуға үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету. Билер: Шапшаңдық пен ептілік таныту, музыка ырғағына сай қимыл жасау. Музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Күтілетін нәтиже: Музыка жанрларын анықтайды; ағаш қасықтар, сылдырмақтар, асатаяқ, сазсырнай, домбырада қарапайым әуендерді ойнайды.